

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Шалқар ауданының білім бөлімі »
мемлекеттік мекемесінің «Ертөстік»бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Бағдарлама атауы «Экологиялық тәрбие-болашақ кепілі»
Жүзеге асыру: 2025 оқу жылы

Тәрбиешілер: Қ.Сарсенкулова
Г.Досанова

Бозой – 2024 ж

Құрастырушы тәрбиешілер: Сарсенкулова Қарлығаш Нағымовна

Досанова Жайна Закарияқызы

«Ертөстік» бөбекжай - бақшасы отырысында «Экологиялық тәрбие-болашақ кепілі» бағдарламасы талқыланды және бекітілді.

Хаттама № 1

«27» «тамыз» 2024 жыл



«Ертөстік» бөбекжай – бақшасы
менгерушісі:

Жұбаназарова Ж.А.

Аудандық сараптау комиссиясының отырысында «Экологиялық тәрбие-болашақ кепілі» бағдарламасы талқыланды және бекітілді.

Хаттама № 1



« 16 » « 09 » 2024 жыл

Сараптау комиссиясының төрағасы:

Ж.С Құдайбергенов

Түсінік хат

Бұл бағдарлама-мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде әзірленген. Мектепке дейінгі ұйымда балаларға экологиялық білім беріп, экологиялық тәрбие беруде жаңа экологиялық ойлау қабілеті бар жаңа типті адамның қалыптасуына көңіл бөлу қажет. Экологиялық тәрбиелеу жүйесіндегі басты міндет-балаға көз алдындағы тіршілік дүниесінің жақсы дамып келе жатқанына көз жеткіздіру.

Балаларға экологиялық тәрбие беру бүгінгі таңда өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сондықтан балаларды өзінің туған жерінің табиғатын сүйеге, құстар, жан-жануарлар, өсімдіктер, жәндіктер т.б. қамқор болып, күтіп баптауға тәрбиелеу біздің басты мақсатымыз болып табылады. Бала өзінің табиғаттың бір бөлігі екенін түсіну. Табиғат қорғау іс-әрекетінің қарапайым тәсілдерін игеруге ықпал ету.

Мақсаты: Адам мен табиғат арасындағы ажырамас байланыс жайында түсініктерін қалыптастырып қоршаған орта факторларының адам денсаулығы үшін маңыздылығын меңгеріп қолдана беледі.

Міндеттері:

- Табиғат, қоршаған орта факторларының адам денсаулығы үшін маңызын білу;
- Табиғаттың жеке экологиялық заңдылықтарын білу;
- Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген сирек кездесетін және жоғалып бара жатқан өсімдіктер мен жануарларды білу.

Педагогикалық мақсаттылық

-Экологиялық таным мен ойлауды дамыту және экологиялық мәдениетті қалыптастыра отырып, табиғатты қорғауға деген жауапкершілікті дамыту.

Күтілетін нәтиже:

- Табиғи және адам қолымен жасаған объектілерді ажырата біледі.
- Адам мен табиғат арасындағы ажырамас байланыс жайында түсініктерін қалыптастыру.

«Экологиялық тәрбие-болашақ кепілі» бағдарламасы (4-5) жастағы балаларға бір оқу жылына – 36 тақырыпқа есептелген. Аптасына 1 рет өткізіледі.

Тақырыптық жоспар
«Қарлығаш» (ересек тобы)

р/с	Тақырыбы	Сағат саны
1	Табиғат – ғажап әлемі.	1
2	Тірі және өлі табиғат.	1
3	Ағаштарға қонаққа бару.	1
4	Ормандағы шыршаны қорғайық.	1
5	Жануарлар-біздің көмекшілеріміз.	1
6	Құстар -қанатты достар.	1
7	Дәм атасы-нан. Нан дастарханға қалай келді?	1
8	Таза ауа -жанға дауа.Ауасыз өмір жоқ.	1
9	Су – өмірдің көзі және оның қасиеттері.	1
10	Өлкеміздің өзен – көлдері.	1
11	Тау- таста көп сыр жатыр.	1
12	Өлкеміздің жануарлар әлемі.	1
13	Сүйкімсіз жануарлар жайында.	1
14	Жануарлардың қысқы тіршілігі.	1
15	Біздің өлкенің ормандары.	1
16	Саңырауқұлақтар.	1
17	Балықтар туралы біз не білеміз?	1
18	Тиін, қоян, және бұлан орманда қысты қалай өткізеді?	1
19	Қыстап қалатын құстар	1
20	Өрт-тілсіз жау!	1
21	Пештің мұржасы түтіндейді.	1
22	Табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері	1
23	Қазақстанның «Қызыл кітабы».	1
24	Жасыл дәріхана.	1
25	Өз ойыншықтарыңды күте біл.	1
26	Ғарыш.	1
27	Көгілдір аспан әлемі.	1
28	Жыл құстары.	1
29	«Жұмбақ айтам өзіңе»	1
30	Табиғат туралы мақал-мәтелдер	1
31	Экологиялық пирамида	1
32	Неліктен улы жаңбырлар жауады?	1
33	Қазақстан қорықтары.	1
34	Сары көйлек киген бақбақ.	1
35	Орман – көпқабатты үй.	1
36	Табиғатта өзінді қалай ұстау керек?	1
	Барлығы:	36

Бағдарламаны іске асыру нысандары мен әдістері.

р/с	Тақырыбы	Бағдарламаның міндеттері	Бағдарламаны іске асыру нысандары	Бағдарламаны іске асыру әдістері
1	Табиғат – ғажап әлемі.	Балаларға табиғат әлемі туралы түсінік беріп, білімдерін толықтыру, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыта отырып, табиғатқа қамқор болуға үйрету.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар
2	Тірі және өлі табиғат.	Балаларға табиғаттың тірі және өлі табиғат болып бөлінетін түсіндіру, дәлелдей отырып олардың өлі және тірі табиғат айырмашылығын аңғара біліп, оларды жанашырлық сезімге тәрбиелеу.	Топтық жұмыс	Ойындар
3	Ағаштарға қонаққа бару.	Балаларды ағаш түрлерімен және олардың қоршаған ортамен өзара байланысы туралы түсінік беру. Ағаштың пайдасы және оны өсіруге, баптап, күтуге үйрету, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.	Топ саяхат	Ойындар
4	Ормандағы шыршыны қорғайық.	Экологиялық тәрбие негіздерін қалыптастыруда мейірімділік, барлық тірі жан иелеріне деген жанашырлық сезімдерін тәрбиелеу.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар
5	Жануарлар-біздің көмекшілеріміз.	Балалардың жан – жануарлар әлемі туралы түсініктерін кеңейтіп, үй жануарларына тоқталу. Олардың адам өміріндегі пайдасы туралы айтып, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, оларға қамқор болуға үйрету.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар

6	Құстар қанатты достар.	Қанатты достар туралы «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісінің мәтінін айта отырып көздерін жеткізу, қанатты құстар туралы мәліметтер беріп, оларды қамқорлыққа баулу.	Топтық жұмыс	Ойындар
7	Дәм атасы-нан. Нан дастарханға қалай келді?	Нанның дастарханға келуі үшін қызмет ететін адамдар еңбегін бағалай отырып, тіршілік үшін қажетті нанның қадір-қасиетін ұғындыру. Нанды ысырап етпеуге, қорламауға үйрету.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар
8	Таза ауа -жанға дауа. Ауасыз өмір жоқ.	Тіршілік иелерінің барлығы ауамен дем алатынын, ауасыз өмір сүру мүмкін еместігін айтып түсіндіру. Оларға ауаны ластайтын завод, фабрикалар, машиналар т.б туралы айтып көз жеткізу. Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, таза ауаны сақтауға өз үлестерін қосуға тәрбиелеу.	Топтық жұмыс	Ойындар
9	Су – өмірдің көзі және оның қасиеттері.	Тіршілік көзінің бірі-су екенін түсіндіріп, онсыз тіршілігіміздің мәнсіз болатынын ұғындыру. Балаларды судың қасиетімен, құрамымен (дәмі, түсі, иісі) қарапайым эксперимент жасау арқылы анықтай білуге үйрету. Судың тіршілік иесі үшін мәні, қажеттілігі туралы түсінігін кеңейту. Суды пайдаланып, ысырап етпеуге үйрету, қадірін білуге баулу.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар
10	Өлкеміздің өзен – көлдері.	Өлкеміздің су қорымен таныстыру. Өзен-көлдердің ерекшелік белгілері туралы түсінік	Топтық жұмыс	Ойындар

		беру. Біздің өлкенің өзен-көлдерімен, жануарлардың тіршілігімен таныстыру.		
11	Тау- таста көп сыр жатыр.	Тау мен тастың да адам өміріндегі маңызы туралы түсіндіре отырып, өз жерінің табиғатын қастерлеуге баулу. Табиғатты сүйе білуге үйрету.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар
12	Өлкеміздің жануарлар әлемі.	Туған өлкедегі жануарлар әлемнің кейбір өкілдерімен тасныстыру. Түсінігін айтуға және сипаттама - әңгіме құрастыруға үйрету. Жануарларға қамқор болуға, оларға пайда тигізуге дағдыландыру.	Топтық жұмыс	Ойындар
13	Сүйкімсіз жануарлар жайында.	Сырт көрінісі жағымсыз жануарларға теріс көзқараста болмау, әсіресе іс әрекет пен қылықтарға бой алдырмау дағдыларын қалыптастыру.	Топтық жұмыс	Ойындар
14	Жануарлардың қысқы тіршілігі.	Ормандағы аңдардың қысқы тіршілігі, олардың қысқы табиғатқа бейімделуі туралы түсінік беру. Балаларды аңдарды сипаттауға, салыстыра білуге жаттықтыру. Табиғатқа деген қызығушылықтарын арттыру.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар
15	Біздің өлкенің ормандары.	Балалардың туған өлке табиғат туралы білімдерін кеңейту, орманның адам өміріндегі маңызын түсіндіру.	Топтық жұмыс	Ойындар
16	Саңырауқұлақтар.	Саңырауқұлақтардың табиғаттағы және адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру. Улы саңырауқұлақтардың адам өміріне қауіпті екендігі туралы айта отырып, жеуге жарамды ақ саңырауқұлақ пен ұлы боз арамқұлақты түріне қарап танып, айтып беруге үйрету. Табиғатқа	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар

		қарапайым қауіпсіздік мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру.		
17	Балықтар туралы біз не білеміз?	Балалардың біздің өлкеде мекендейтін балықтар жайлы, олардың сыртқы ерекшеліктері мен тіршілік ету ортасы туралы білімдерін толықтыру.	Топтық жұмыс	Ойындар
18	Тиін, қоян, және бұлан орманда қысты қалай өткізеді?	Ормандағы жануарлар өмірі туралы, олардың қысқы мерзімге бейімделуі жайлы ұғымдарын қалыптастыру.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар
19	Қыстап қалатын құстар.	Қыстап қалатын құстар туралы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру. Олардың тіршілігі туралы түсінігін айтып беруге үйрету. Табиғатқа әкелетін пайдасы туралы айта отырып, қамқорлықпен қарау. Құстарды баптауға балаларды тәрбиелеу.	Топтық жұмыс	Ойындар
20	Өрт – тілсіз жау!	Балаларға ересек адамдардың көмегінсіз от жағудың, отпен ойнаудың қауіптілігін және оның үлкен апатқа апарып соқтыратынын түсіндіру.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар
21	Пештің мұржасы түтіндейді.	Балаларға ауаны ластау көздері жайлы таза ауаның денсаулыққа маңызы, экологиялық қауіпсіздік ережелері туралы қарапайым түсінік беру.	Топтық жұмыс	Ойындар
22	Табиғат бұрышындағы бөлме өсімдіктері	Бөлме өсімдіктерімен таныстыру, олардың бір - бірінен айырмашылығын көре білу. Өсімдіктің өсуіне жарық, ыргал, ауа, қалыпты температура және адамдар күтімінің қажет екендігін түсіндіру. Бөлме өсімдіктерін баптап өсіруге тәрбиелеу.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар
23	Қазақстанның «Қызыл кітабы»	Қызыл кітап туралы түсінік беріп, қоршаған ортаны қорғау, оған қамқорлық жасау	Топтық жұмыс	Ойындар

		дағдыларын қалыптастыру. Жануарлар мен өсімдіктердің құруына әкеп соғатын себептерді түсіндіру. Табиғатты аялауға баулу.		
24	Жасыл дәріхана.	Жасыл дәріхана және оның қажеттігі жөнінде түсінік беру. Емдік қасиеті бар өсімдіктермен таныстыру, оларды қажетті мөлшерде ғана жинап, өзге өсімдіктерге зиян келтірмеу жағын ескеруге үйрету. Табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар
25	Өз ойыншықтарынды күте біл.	Өздеріне ұнаған ойыншыққа зереттеу жүргізіп (түсі, көлемі, материалы, жасалуына қарай алуан түрлі болатыны), әңгімелеп айтып беруге үйрету. Балалардың мінез құлқында қарапайым әдеп ережелерін (ойыншықтарын бөлісу) бекіту. Ойын барысында ұқыптылықпен жанашылықпен қарап әрекет ете білуге тәрбиелеу.	Топтық жұмыс	Ойындар
26	Ғарыш.	Балаларды қаһарман ғарышкер мамандығымен таныстыру. Ғарышты меңгерудің адам өміріндегі мән маңызын ашу. Білімқұмарлықты, шыдамдылық пен зейінді дамыту. Түрлі мамандық адамдарын құрметтеуге тәрбиелеу.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар
27	Көгілдір аспан әлемі.	Табиғат құбылыстарының таңғажайып екенін түсіндіріп, ойлау, сөйлеу, көру қабілеттерін дамыту, табиғаттың құбылыстарын түсінікті тілмен жеткізіп, үйрету.	Топтық жұмыс	Ойындар

	Жыл құстары.	Құстар және олардың көктемдегі тіршілігі, табиғатқа келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру. Құстардың тіршілігінде болатын өзгерістерге мысалдар келтіре отырып түсіндіру арқылы есте сақтау қабілеттерін және зейіндерін дамыту. Құстарға қамқорлық жасауға баулу және оларға қалай жағдай жасау керектігін үйрету.	Топтық жұмыс	Ойындар
29	«Жұмбақ айтам өзіне»	Табиғат туралы жұмбақтар шешіп, жаттауға төселдіру. Жұмбақты шешу жолдарын түсіндіріп, ой қиялдарын жетілдіруге және шешуге үйрету.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар
30	Табиғат туралы мақал-мәтелдер	Табиғат туралы балалардың білімдерін толықтырып, мақал-мәтелдер үйрету. Олардың мағынасын ашуға баулу. Табиғатты сүйуге, қорғау дағдыларын жетілдіру.	Топтық жұмыс	Ойындар
31	Экологиялық пирамида.	Көктем мезгілінде болатын табиғат құбылыстарын айтуға үйрету. Табиғаттын адам мен жануарлар арасындағы байланысын ажыратуға, мекендейтін тіршілік орталары туралы білімдерін арттыру.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар
32	Неліктен улы жаңбырлар жауады?	Табиғаттағы экологиялық өзгерістер туралы балалардың білімдерін арттыру. Улы жаңбырдың зиян жақтарын айтып түсіндіру. Ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, өсімдіктерді қорғауға тәрбиелеу.	Топтық жұмыс	Ойындар
33	Қазақстан қорықтары.	Қазақстан қорықтары және оның маңызы, орналасқан жері туралы балаларға	Топтық жұмыс	Ойындар

		түсінік беру. Қорықтарда атқарылатын жұмыс түрлері, қамқорлыққа алынған жануарлар жөнінде әңгімелеу. Табиғатты аялауға баулу.		
34	Сары көйлек киген бақбақ.	Өсімдіктердің мезгілдік дамуы, қоршаған ортамен байланысы туралы түсінік беру.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар
35	Орман – көпқабатты үй.	Ормандардың жойылу себебін түсіндіру, ормандағы экологиялық сауатсыз мінез-құлықтан аулақ болуды үйрету.	Топтық жұмыс	Ойындар
36	Табиғатта өзінді қалай ұстау керек?	Табиғаттағы іс-әрекет мәдениеті туралы білімдерін бекіту. Қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау керектігін түсіндіру арқылы дамыту, табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.	Педагогпен бірлескен жұмыс	Ойындар
	Барлығы:		36	

Картотека № 8. «Жер, су, ауа»

Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, суда, ауада не болатынын дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Шапшаң жауап беруге баулу.

Көрнекілік: асық.

Ойын шарты: балалар дөңгеленіп тұрады. Бір бала ортаға шығып, балалардың кез келгеніне асықты лақтырып жібереді де, «жер», «су», «ауа» деген сөздің бірін айтады. Егер бала «жер» десе, асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды, адамдарды, өсімдіктерді атайды. Ал «су» сөзі айтылса, балық, балдырдыңаты аталады. Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс. Осылай ойын жалғаса береді.

Картотека №9. «Тамшының жыл мезгіліндегі саяхаты»

Мақсаты: Судың жыл мезгілдеріне байланысты қасиеттері туралы түсінік беру. Сөздік қорларын молайту. (Бу, сұйық, қатты)

Керекті құралдар: Судың жылдың төрт мезгіліне байланысты қасиеттерін бейнелейтін мазмұнды суреттер.

Ойын барысы: Тәрбиеші қыс мезгіліне байланысты судың қасиетін түсіндіріп өтнді. Табиғат құбылыстарына байланысты судың қандай күйде болатынын айтады. (Мұз, қар, жаңбыр, бұршақ) Тақтаға жылдың төрт мезгілін іліп қойып, бір ойыншыны шақырады. «Мұз» дегенде ойыншы соған сәйкес жыл мезгілін көрсетеді.

Картотека № 10. «Жер, су, ауа»

Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде, суда, ауада не болатынын дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Шапшаң жауап беруге баулу.

Көрнекілік: асық

Ойын шарты: балалар дөңгеленіп тұрады. Бір бала ортаға шығып, балалардың кез келгеніне асықты лақтырып жібереді де, «жер», «су», «ауа» деген сөздің бірін айтады. Егер бала «жер» десе, асықты қағып алған бала жерде тіршілік ететін құстарды, адамдарды, өсімдіктерді атайды. Ал «су» сөзі айтылса, балық, балдырдыңаты аталады. Ауа дегенде құстарды айтуы тиіс. Осылай ойын жалғаса береді.

Картотека №11 «Табиғат құбылыстарын ажыратып, олардың қасиеттерін ата»

Мақсаты: қасиетіне қарай қар мен жаңбырды ажырата білу. Табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту. Көрнекіліктер: қар мен жаңбыр бейнеленген суреттер.

Ойын барысы: балалаға қар мен жаңбырдың суретін көрсетіп, оларды бір-бірімен ажыратып айту тапсырылады.

Картотека №12 «Қайсысы ұнайды?»

Мақсаты: суреттен көрген заттарының атын атап, суреттеп, қайсысының ұнайтынын, не үшін ұнайтынын айтқызу.

Көрнекіліктері: әртүрлі суреттер, жануарлар, жыл мезгілдерінің суреттері.

Ойын шарты: әртүрлі суреттерді көрсетіп, олардың қайсысының ұнайтыны, не үшін ұнайтындығы туралы сұралады. Олардың қай мезгілде бейнеленгенін айтызады. Балалардың сөздік қорына жаңа сөздер енгізу үшін, тапсырманы түрлентіруге болады. Олар туралы балалардың білетін тапқатарын айтызуға болады.

Картотека №13 «Зообаққа орналастыр»

Ойын мақсаты: балаларды антоним сөздері туралы түсінік қалыптастыру. Заттың көлеміне қарап, салыстырып, талдау жасауға үйрету. Жабайы аңдардың дене бітіміне қарап, зообаққа орналастыру оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Зообақ торлары, әр түрлі жануарлардың суреттері.

Ойын шарты: хайуанаттар бағына әкелінген аңдарды торларға орналастыру қажет, пілді үлкен торға, бала неліктен олай орналастырғанын, яғни піл үлкен, қоян кіші, сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтып, ол туралы білетін жұмбақ, жаңылтпаш, тапқатар, немесе әңгімелеп суреттеп айтады.

Картотека № 14 «Ненің құйрығы»

Ойын мақсаты: Берілген аңдардың құйрығын тауып, ол туралы әңгіме құрауға үйрету. Ол қандай аң? Ол қайда мекендейді? деген сұрақтар қою арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Аңдарға деген қамқорлық сезімдерін ояту.

Ойын шарты: Берілген қиынды суреттерден жабайы аңдардың атын атап, қима суреттерін (құйрығын) тауып орналастырады. Ол туралы әңгіме құрайды.

Картотека №15 «Жайлауда»

Мақсаты: балаларды жайлаудағы тіршілікпен таныстыру. Жайлаудағы табиғат ерекшеліктерін айтызу.

Көрнекіліктері: жайлау көрінісі бар суреттер.

Ойын шарты: балалар жайлаудағы көріністі бейнелейді. Жайлау көрінісіне қажетті заттардың аттарын атап, орналастырады. Олар туралы білетіндерін айтады. Жайлаудағы табиғатты суреттейді.

Картотека №16. Жапырағына қарай ажырат

Мақсаты : ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру.

Сөздік қорын толықтыру, ету, қабылдау қабілетін дамыту.

Көрнекіліктер: әр түрлі жапырақтар

Ойын шарты: жапырақтарды салыстыру, қай ағаштың жапырағы екенін табу

Картотека №17. Балық аулау

Мақсаты: сұрақтарға жауап бергізе отырып, логикалық ойлау қабілетін дамыту.

Көрнекіліктер: балықтар, рахмет.

Ойын шарты: балалар қағаздан жасалған балықтардағы тапсырмаларды орындайды. Өздері білетін жұмбақ, өлең, мақал-мәтелдерін айтады.

1 тапсырма. Қандай балықтарды білесің?

2 тапсырма. Балық қайда болады?

3 тапсырма. Өз тобында қандай балықтар бар?

4 тапсырма. Тобындағы балықтарды қалай күтесің?

Картотека № 18. «Ойыншықтарды тап!»

Ойынның мақсаты: Заттардың атын дұрыс атай білуді үйрету.

Ойынның мазмұны: Суретте бейнеленген ойыншықтардың немесе ойыншықтардың қолында қандай зат бар екенін атайды және сол затты сипаттайды. Мысалы: қоянның қолында сәбіз бар, ол көкөніске жатады.

Ойынның құрал-жабдықтары: қолдарында заттары бар ойыншықтар

Картотека № 19. «Құстар»

Мақсаты: құстарды топтастырып, аттарын атау.

Керекті құралдар: Қыстап қалатын және ұшып кететін құстардың суреттері.

Ойын шарты: Белгі бойынша құстарды екі топқа топтастыру.

Ойын барысы: Ойыншылар «Жыл құстары», «Ұшып кететін құстар» болып екі топқа бөлінеді. Үстел үстінде құстардың суреттері араласып жатады, жүргізушінің белгісі бойынша, балалар өз топтарының атына сәйкес құстарды топтастырып, аттарын атайды. Бір құсты екі рет атауға болмайды. Жаңылысқан бала, ойын соңында айыбын құс туралы өлең, тақпақ, жұмбақ айту арқылы өтейді.

Картотека № 20. «Шырпыны үстелден көтер»

Мақсаты: Балалардың әдемі жазып, қылқаламды дұрыс ұстауы үшін қолдың саусақтарын ептілікке үйрету.

Кернекті құралдар:

Сіріңке қораптары.

Ойын мазмұны:

Педагог балаларға саусақтың көмегімен сіріңке қорабын көтеруді ұсынады. 5 сіріңке қорабы үстелдің үстінде жатады. Алдымен бірінші қорапты екі бас бармақпен көтеру талап етіледі. Осыдан кейін екінші қорапты екі сұқ саусақтың, үшінші екі ортаңғы бесінші екі шынашақтың көмегімен көтереді.

Кімде-кім қорапты түсіріп алса, ойыннан шығады

Картотека № 21. «Үй құрлысының ретін көрсет».

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін процесстерін дамыту

Қажетті құралдар: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі.

Картотека № 22. «Гүлдер»

Ойын мақсаты: Бөлме гүлдері мен дала гүлдерін ажыратып, олардың атауын атауға үйрету. Табиғатқа деген қамқорлық сезімдерін ояту.

Ойын шарты: Әр түрлі бөлме гүлдері мен дала гүлдерінің суреттері таратылып беріледі. Сол гүлдердің атауын атап, әр қайсысын бөліп орналастырады. Гүлдерді қалай күтіп баптау керектігін айтады

Картотека №23 «Кім тапқыр?»

Ойын мақсаты: Балалардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілік сезімін ояту.

Ойын шарты: Балалар екі топқа бөлінеді. 1-топ ел деген сөзге, 2-топ жер деген сөзге сөйлем құрастырады.

Мысалы: 1 топ Елімді жақсы көремін, еліміз тыныш болсын, еліміз тоқ болсын. 2 топ Жерді аяла, жерде бәрі де өседі, туған жер.

Картотека №24. «Бөлме өсімдіктері мен дәрілік өсімдіктерді ажырат»

Мақсаты: бөлмеде өсетін өсімдіктер мен дәрілік өсімдіктерді бір-бірінен ажырата білу, қандай мақсатта өсірілетінін анықтау.

Көрнекі құралдар: бөлме өсімдіктері мен дәрілік өсімдіктердің суреттері.

Ойын барысы: Балаларға бөлме өсімдіктері мен дәрілік өсімдіктер аралас суреттер беріледі. Тәрбиеші балалардан бөлме өсімдігін көрсетуін, екінші бала дәрілік өсімдікті көрсетуін сұрайды. Балалар көрсетеді. Қай өсімдік қандай мақсатпен өсірілетінін сұрайды. Ойын осылайша жалғаса береді.

Картотека № 25. Дидактикалық ойын: «Қуыршақты киіндір»

Ойын мақсаты: Қуыршақ киімдерін кигізуге үйрету. Ойлау, зейін қою қабілеттерін дамыту.

Ойын барысы: Берілген үлкен-кіші қуыршақ киімдерін тауып кигізу.

Картотека №26 «Кімге не керек?»

Ойын мақсаты: Балалардың тіл байлығын дамыту. Мамандыққы лайықты заттарды және оның аттарын білуді үйрету.

Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға суреттер көрсетеді. Балалар, мынау дәрігер, мынау аспазшы, мынау жүргізуші дейді. Балалар суреттерден кімге қандай құрал керек екенін табады.

Картотека №27. Бұл қай мезгіл?

Мақсаты: күз мезгілінің ерекшеліктері мен өзгерістерін ажыратып айтқызу. Сөздік қорын байыту.

Көрнекіліктер: күзгі жапырақтар, суреттер.

Ойын шарты: күзгі бау-бақшадағы жемістер мен көкөністердің аттарын атап, пішіндерін, түстерін ажырату. Күздегі егін жинауды өмірмен байланыстыра айтады. Күзгі жапырақтардың түстерін ажыратады. Олардың ерекшеліктеріне тоқталады. Күзгі ауа райының ерекшелігін айтады.

Картотека №28. «Дүрбі» немесе «Құстар қайда қонып отыр?»

Ойын мақсаты: Қыстап қалатын құстар туралы мағлұматтар беру. Олардың қыс мезгіліндегі тіршілігін айтып бере білуге дағдыландыру.

Ойын шарты: Әр балаға бір-бір суреттер, қыстап қалатын құстар үлестіріліп беріледі. Әр бала құстың атауын атап, мысалы: кептер үйдің шатырында отыр, бозторғайлар ағашқа қонып отыр, қарға қар үстінде жорғалап жүр деген әңгімелер құрастырып айтып береді.

Картотека № 29. «Жұмбақ сағат»

Ойын мақсаты: Берілген суреттердің бас әрпін тауып, бағдар бойынша суреттерді әріптермен белгілеп, сол бойынша әңгіме құрауға үйрету, ойлау, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Ойын шарты:Берілген сағат үлгісіндегі суреттердің бас әрпін тауып бағдар бойынша екеуін көрсетеді, сол суреттегі көріп тұрған заты бойынша әңгіме құрайды. Мысалы, Мынау алма, алма сөзі «А» әрпінен басталады. Сағаттың бір тілін алма суретіне, бір тілін әріпке апарады. Алма ағашта өседі, дәмі тәтті, пішіні дөңгелек т.с.с.

Картотека № 30 «Тіршілік нәрі»

Ойынның мазмұны: Педагог «жер, су, ауа» деген сөздерді жеке айтқанда балалар керекті суреттерді көрсетеді.

Жаңылып, шатасып қалған бала мақал-мәтел, жұмбақ, тақпақ айтуы тиіс.

Картотека №31 «Пейзажды құрастыр»

Мақсаты: Пейзаж құрастыруда композиция сезімін, қоршаған табиғат құбылыстары туралы білімді дамыту

Ол үшін дидактикалық ойынды қолдану ыңғайлы. Композициялық ойлау дағдыларын қалыптастыру, табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдері және «пейзаж» ұғымы туралы білімдерін бекіту, байқағыштық пен есте сақтау қабілетін дамыту.

Ойын барысы: балаға белгілі бір маусымның (қыс, көктем, күз немесе қыс) пейзажын баспа суреттерінің жиынтығын құрастыруға шақырады, бала дәл осы маусымға сәйкес заттарды таңдап, өзінің білімінің көмегімен дұрыс композиция құруы керек

Картотека №32. «Табиғат құбылыстарын ажыратып,олардың қасиеттерін ата»

Мақсаты: Пішініне қарап, қар мен жаңбырды ажырата білу, табиғат құбылыстары жөніндегі білімдерін бекіту /қатты, жұмсақ, ериді, буға айналады/

Керекті құралдар: Қар мен жаңбырды бейнелейтін суреттер.

Ойын барысы: балаларға қар мен жаңбырдың суреттерін көрсетіп. оларды бір-бірінен ажыратып айту тапсырылады. Білімдерін анықтау барысында осы құбылыстардың қасиеттерін айтып берулері керек.

Картотека №33 «Жас табиғат зерттеушісі»

Ойынның мазмұны: Балалар суреттерге қарап, жыл мезгіліне байланысты әңгіме құрастырады. Жыл мезгілі туралы толық әңгімелеп берген балаға педагог асық сыйлайды. Асықты көп жинаған бала «Жас табиғат зерттеушісі» деген атқа ие болады.

Картотека №34 «Бұл қай кезде болады?»

Мақсаты: балалардың жыл мезгілдеріне байланысты білімдерін анықтау және әрі қарай дамыту.

Ойын шарты: жауап берген балаға сақина беріледі. Жүргізушінің сұрағына қарай жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін атау.

Ойын барысы: Жүргізушінің қойған сұрақтарына балалар ойланып, дұрыс жауап береді.
Сұрақ: қай кезде сары, қызыл жапырақтар көп болады?

Қай кезде жеміс-жидектер жиналады? Жыл мезгіліне байланысты: көктем деймін де, сақинаны Әйкерімге беремін, Әйкерім тез ойланып, көктемде не болатынын айтады. Сақинаны қасындағы балаға береді. Ол да көктемнің бір белгісін атайды. Осылайша ойын жалғаса береді.

Картотека №35 Қайсысы қайда тіршілік етеді?

Мақсаты: суреттен көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда, өмір сүретінін айтқызу. Сөздік қорын молайту.

Көрнекіліктер: теледидар, әр түрлі жануарлар, құстар суреттері.

Ойын шарты: әр түрлі аңдар, құстарды көрсетіп, олардың қайда өмір сүретіні сұралады. Олардың немен қоректенетіні айтқызылады. Балалар сөздік қорына жаңа сөздеренгізу үшін, тапсырманы түрлендіруге болады. Олар туралы балалардың білетін өлең, жұмбақтарын айтқызу

Картотека №36. «Бұл қай уақыт?»

Ойын шарты: Күн мен түннің суреттерін кезек-кезек көрсетіп бір-бірінен сұрайды. Бастаушы «күн» дегенде тұрады, «түн» дегенде

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

«Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларға экологиялық тәрбие беру» әдістемелік ұсынымдар.-Астана,2023-40бет.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ
БЕРУ БОЙЫНША МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ
ТӘЖІРИБЕСІ

Жиенбаева С.Н., Исаева Ж.К., Адамова М.Е. Социально-эмоциональное дошкольное воспитание и интеллектуальное развитие ребенка // Обществознание и социальная психология. – 2023. – № 5 (49). – С. 806-810. – https://drive.google.com/file/d/1q4P6Kmg9Opx_xtCfjZ97lQ79A_rZ40nR/view?usp=share_link

Жиенбаева С.Н., Исаева Ж.К., Адамова М.Е. Система и условия подготовки педагогов дошкольного образования в Казахстане // Научный аспект. – 2023. – <https://na-journal.ru/11-2023-pedagogika/6692-sistema-i-usloviya-podgotovki->

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: ҚРОку-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы – : <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

Үлгілік оқу жоспарлары : ҚРОку-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы: ҚРОку-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>